

Шардара ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2012 жылғы 15 тамыздағы № 7-52-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 қыркүйекте № 2101 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 12-85-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 30.01.2013 № 12-85-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартының 6, 11 тармақтарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шардара ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) мерзімді баспасөз басылымдарға жазылу үшін - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен, Ауған соғысы ардагерлеріне, Чернобыль атом электр стансасы апатын жоюға қатысушыларына біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған қарттардың ішінен 80 жастан асқан адамдарға, жол жүрумен байланысты шығындарын өтеуге, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) Жеңіс күніне орай - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, олардың жесірлеріне, біржолғы 6,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) қарттар мен мүгедектер, балаларды қорғау күніне орай - үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға, біржолғы 1,3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) жеке оңалту бағдарламасы бойынша мұқтаж мүгедектерге қоларбамен

қ а м т а м а с ы з

е т у г е :

серуендеуге арналған қоларбаға 55,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
бөлмеге арналған қоларбаға 24,7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) зейнеткерлер мен мүгедектерге шипажай немесе оңалту орталықтарына жолдама үшін, біржолғы 31 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, онкологиялық ауруларға, созылмалы бүйрек шамасыздығы ауруларына біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларға баспана алу үшін біржолғы 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасыларына табыстарын есепке алмай, өтемақы үшін ай сайын 6,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

10) отбасыларының табыстарын есепке алмай өмірлік қиын жағдайларға ұшыраған аз қамтамасыз етілген (өрт, басқа да табиғи немесе техногенді сипаттағы апат салдарынан) отбасыларына 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) үйінде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға ай сайын бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде.

2. «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті нақты құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Тілеков

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Бердібеков

Шардара аудандық мәслихатының
2012 жылғы 15 тамыздағы

№ 7-52-V шешіміне қосымша

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Әлеуметтік көмектің барлық түрлері үшін:

1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;

- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған алушылар үшін – туу туралы куәлік;
- 3) алушының салық төлеуші куәлігі;
- 4) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 5) алушының банктік шоты бар болуын растайтын құжат;
- б) алушының заңды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын куәландыратын құжат, және заңды өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі.

2. Әлеуметтік көмектің келесі түрлерін тағайындау үшін мыналар қоса беріледі :

1) барлық санаттағы мүгедектер мен зейнеткерлерге, табыстарын есепке алмай, шипажай немесе оңалту орталықтарына жолдама үшін: алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат; мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді; шипажай-курорттық картасынан немесе медициналық картасынан үзінді; мүгедектік шипажайда немесе оңалту орталығында болуын растайтын құжат.

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен және Ауған соғысы ардагерлеріне, Чернобыль атом электр стансасы апатын жоюға қатысушыларына басылымдарға жазылу үшін :

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездік жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, адамның иммун тапшылығы вирусін жұқтырған балалары бар, созылмалы бүйрек шамасыздығы ауруы бар отбасыларына табыстарын есепке алмай, және өмірлік қиын жағдайларға ұшыраған аз қамтамасыз етілген отбасыларға: емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама; қала, ауыл округі әкімі жанындағы учаскелік комиссияның актісі.

3. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмелерде ұсынылады, содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген күні қайтарылады.